

МРНТИ: 14.07.02

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.10>

Р.Қ.Керимбаева,¹ М.А.Шауенова²

¹М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,
Тараз қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БІЛІМ БЕРУДІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақала бүгінгі жаһандану заманында білім беру жүйесіндегі интеграциялау мәселесінің ғылыми-теориялық негіздері туралы. «Интеграция», «интеграциялау мақсаты», «интеграциялау принципі» ұғымдарына анықтама беріліп, интеграциялық оқытуды ендірудің негізгі идеясы тұжырымдалды. Бүгінгі таңда елімізде білім беру үдерісін интеграциялаудың психологиялық, педагогикалық маңызы анықталған. Оқыту және тәрбиелеу үдерісін интеграциялау мақсаты, принципі, бағыты, мазмұны, тұтастығы теориялық тұрғыда талданған. Білім беру жүйесінің барлық сатысында интеграциялау үдерісін жүргізудің білімдік, дамытушылық, танымдық, тәрбиелік маңызы айқындалған. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беруде интеграциялық оқытуды ұйымдастырудың алғы шарттары, қажеттілігі мен мүмкіндіктері көрсетілді. Пәндік интеграциялық оқытуды ұйымдастыруда оқушылардың танымдық қызығушылығы мен білім сапасын арттыру жолдары, нәтижесі айқындалған. Білім беруді интеграциялауда педагогикалық үдерістің мүмкіндіктері кеңейіп, оқытудың инновациялық технологияларын қолдануға жол ашылады. Пәндік интеграциялау арқылы білім беру мазмұны мен салалары өзара сабақтасып бірізділік пен жүйелілік құрылымын құрайды.

Түйін сөздер: интеграция, білім беру, оқыту, пәндік, танымдық, білім сапасы.

R.K.Kerimbayeva¹, M.A.Shauenova²

¹M.Kh.Dulaty Taraz State University,
Taraz, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

THEORETICAL FOUNDATIONS OF EDUCATIONAL INTEGRATION

Abstract

Article on the scientific and theoretical foundations of integration in the education system in the context of modern globalization. Definitions of the concepts "Integration", "goal of integration", "principles of integration" were given, and the main idea of implementing integration training was formulated. The psychological and pedagogical significance of the integration of the educational process today is determined. Theoretically analyzed the goals, principles, directions, content, integrity of integration in the process of training and education. Educational, developmental, cognitive, and educational values of the integration process at all stages of the education system are defined. The prerequisites for the necessity and possibility of organizing integrated education in preschool and primary education were demonstrated. In the organization of subject integration training, the results and ways to improve the quality of knowledge of students' cognitive interests are determined. The integration of education expands the possibilities of the pedagogical process, opens up the possibility of using innovative learning technologies. Through subject integration, the content and areas of education form the structure of the relationship of system and consistency.

Key words: integration, education, training, subject-specific, cognitive, quality of knowledge.

Р.Қ.Керимбаева,¹ М.А.Шауенова²

¹Таразский государственный университет им.М.Х.Дулати,
г. Тараз., Казакстан

²Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казакстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИНТЕГРАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Статья о научно-теоретических основах интеграции в системе образования в условиях современной глобализации. Были даны определения понятиям «Интеграция», «цель интеграции», «принципы интеграции», сформулирована основная идея внедрения интеграционного обучения. Определены психологическая, педагогическая значимость интеграции образовательного процесса на сегодняшний день. Теоретически проанализированы цели, принципы, направления, содержание, целостность интеграции в процессе обучения и воспитания. Определены образовательные, развивающие, познавательные, воспитательные значения проведения процесса интеграции на всех этапах системы образования. Были продемонстрированы предпосылки необходимости и возможности организации интегрированного обучения в дошкольном и начальном образовании. В организации предметного интеграционного обучения определены результаты и пути повышения качества знаний познавательных интересов учащихся. В интеграции образования расширяются возможности педагогического процесса, открываются возможности применения инновационных технологий обучения. Через предметную интеграцию содержание и области образования составляют структуру взаимосвязи системности и последовательности.

Ключевые слова: интеграция, образование, обучение, предметное, познавательное, качество знаний.

Кіріспе. Бүгінгі таңда білім берудің болашағы, білім мен ғылымның интеграцияға ұмтылуы, заманауи ақпараттың жинақталып, дамып отыратын көлемімен анықталады. Еліміздің білім беру жүйесінің сапасы жан-жақты интеграция мен ғаламдастырумен қатар жүрген жағдайда ғана дамитындығы белгілі. *Интеграция* – латынша қалпына келтіру, толықтыру, бүтін деген мағына білдіреді. Яғни педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарда біріктіру [1].

Оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыру барысында жалпы дидактикалық әдістемесінен бөлек, міндетті түрде әртүрлі пәндерді оқытудың жекелік дидактикалық ерекшеліктерін де ескерген жөн. Егер, техникалық пәндерді оқытуда кибернетизациялауға, ақпараттандыру мен технологияландыруға баса назар аударылса, онда гуманитарлық ғылымдарда мәдениеттендіру, демократияландыру, ізгілендіру, гуманитарландыруға мән беріледі.

Зерттеудің әдіснамасы. Интеграциялауды жүзеге асыруда, түрлі пәндерді оқыту әдістемесінде білім берудің гуманитарлық, технократиялық парадигмаларының принциптеріне негізделу қажет. Қойылған міндеттерді шешу үшін біз оқу-тәрбие үдерісінде келесі әдістемелік құралдарды қолданамыз:

- 1) білімді интеграциялау;
- 2) оқыу мен тәрбиелеуді жүзеге асыруға андрогогикалық бағытты ұстану;
- 3) оқу-тәрбие үдерісін ақпараттандыру, технологияландыру.

Бүгінгі таңда қазіргі ғылымның дамуы оны дифференциялау және интеграциялау үдерісімен сипаттайды [2].

Ғылымның дифференциялануы – кейбір ғылым салаларының өз алдына дербес ғылым ретінде танылып, тың мәнге ие болуы. Ал, осы ғылымдар тоғысында, сол ғылымдарда құбылыстар мен болмыстардың мәнін анықтаудың жалпы заңдылықтары анықталып, зерттеудің ортақ ғылыми әдіс-тәсілдері саралана түсуін интеграциялану деп түсіндіріледі.

Интеграциялау – әртүрлі пәндердегі негізгі принциптер мен заңдылықтарды өзара тығыз диалектикалық бірлікте қарастыруды көздейді.

Интеграциялаудың негізгі мақсаты- тұлғаны дамыту мен қалыптастыруда, «қоршаған орта-табиғат-адам» сабақтастығында біртұтас көзқарасты, яғни білім алушылардың әртүрлі әрекеттері үшін барынша жағдай туғызудың педагогикалық үдерісін құру. Бұл жерде мәселеле білімнің жиынтығы және эрудицияның кеңдігі жөнінде емес, еркін бағдар, ХХІ ғасыр адамының даралық мәдениеті, өзіндік позициясын таңдап алуын қамтамасыз ететін дара тұлғалық, құзыреттілік сапасы жөнінде. Сондықтан, білім мазмұнының бүгінгі күн талабына сәйкес болуы аса маңызды.

Баланың өзіндік «дүниетаным бейнесі» пайда болады және толық еместігіне қарамастан, оның тұтастығы қалыптасады. Бала мектепке көлгеннен кейін, осы тұтастық пәндер арасындағы шекараның салдарынан бұзылады да, нәтижесінде оның алған білімі өзара нашар байланысады. Кейбір жағдайларда пәнаралық байланыс қолданылғанымен ол мәселені тұтас шеше алмайды.

Білім – тұтастық және білім алушы алдында да сол күйде болуы керек. Пәндер арасындағы кедергілерді жою үшін білімді басты объектілердің немесе тақырыптардың айналасына біріктіру қажет. Бұл пәнді әр қырынан қарастыруға, оның барлық өзара байланысын ашуға мүмкіндік береді. Анализ, синтез, салыстыру, біріктіруді қолдануға болады. Бұл дүниетанымды, адамтану, экологиялық, коммуникативтік білімдер мен іскерліктерді қалыптастыру үшін маңызды. Осы тұрғыда берудің *интеграциялау принципін* ендірілуі заңды құбылыс.

Интеграциялау принципі – жалпы білім мазмұнын анықтауда, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жазып шығаруда ескеретін маңызды принцип. Сондай-ақ, мазмұны жағынан бір-біріне жақын пәндердің тіл мен әдебиет, әдебиет пен тарих, математика мен информатика, өнер мен еңбек, этика мен эстетика, т.б. өзара байланысы мен жеке пәндер ішіндегі материалдардың арасындағы байланыстарын анықтап, оқушылардың білімін тереңдетуге болады. Осыған орай, интеграцияланған пәндер мен интеграцияланған сабақтардың ролі ерекше.

Ендеше, қазіргі жоғары мектеп оқыту әдістемесін жүзеге асырудың тиімділігін арттырудың маңызды шарты, біздің көзқарасымыз бойынша оқу-тәрбие үрдісіне интеграциялық тұрғыдан келу.

Біріншіден, пәндерді оқытуда әртүрлі әдістемелік және педагогикалық тұрғыдан интеграциялау;

Екіншіден, интеграцияға ғылым мен практиканың әртүрлі салаларының білімдерін, ақпараттарын орнықтыру;

Үшіншіден, элективті курстарды әртүрлі ғылым мен пәндердің интеграциясы негізінде құру.

Яғни, интеграция мазмұнды кең қамтуға, уақытты үнемдеуге, міндетті пәндер санын азайтуға мүмкіндік береді. Әртүрлі пәндерді оқытуды кіріктіру түрлі деңгейде жүзеге асырылады:

- *пәнішілік интеграция*, пәнаралық интеграция, пәндер мазмұнын жақындастыру, жаңа түзілімнің пайда болуына әкелетін бөлшектенген бөліктердің толық бірігуі ретінде – синтез;

- *бастапқы деңгейі*: сабақта бір пәнге қатысты ұғымдарды, бейнелерді басқа пәндерден алу, яғни «басқа аймаққа кіру» принципі;

- *тереңірек деңгейі*: қазіргі жаратылыстану, мәдениеттану, т.б. әдіснамалық негізін құрайтын жалпы принциптерді әртүрлі пәндер бойынша сабақтарда қолдану;

- *өз ерекшеліктері бойынша* әртүрлі пәндік білімдерді қажет ететін мәселелер мен құбылыстардың кешенін қарастыру.

Жоғарыдағы факторларды есепке ала отырып, интеграцияның мүмкін болатын жолдарын анықтауға болады:

- пәндердің бір курсқа толық бірігуі, синтезделген курстарды оқыту – толық интеграция;

- өзектілік бағыттары бойынша жеке пәндердің бірігуі;

- оқу бағдарламаларында объектілер бойынша блок құру.

Бүгінгі таңда білім беруді интеграциялаудың негізгі идеясы:

- оқытудың жеке бағыттылығы, яғни тұлғаға бағдарлап оқу (адам немесе білім алушы оқу үдерісінің басты құндылығы);

- білім беруді оқыту заңдылықтары мен принциптеріне сай құру;

- оқытуды ішкі және сыртқы сабақтастықта құру;

- оқытудағы жүйелік (ғылыми теориядағы байланыс);

- диалогтық қарым-қатынасын құру;

- рефлексиялық қызыметті қалыптастыру.

Қазіргі дамыған елдердегі білім берудің ерекшелігі қоршаған дүние мен қоғамның дамуы туралы білімдердің интеграциясы болып табылады. Бұл тәсіл көптеген елдерде (Бельгия, Англия, АҚШ, Германия, Австрия) мектепке дейінгі тәрбиеге, бастауыш мектеп және кіші орта мектепке, сол сияқты орта мектеп пен жоғары мектептерде интеграцияланған курс (жаратылыстану, қоғамтану, Отантану

және т.б.) түрінде енгізілген. Мысалы, бұл елдердің бастауыш мектептеріндегі интеграциялау мәселесіне тоқталар болсақ, онда өлі және тірі табиғат, техника, адам, т.б. білімдерді біріктіреді [3].

Интеграция мәселесі К.Д.Ушинскийдің еңбегінде тамаша сипатталған. Ол өз пайымдауын «бала нақты заттар туралы нақты бейнелер бойынша ғана ойлай бастайды» деген психологиялық, ойларымен негіздеді. Ол, ғылыми ойлаудың даму процесі туралы логикалық-әдіснамалық ой-пікірлерінде, пәндік оқытудың ең соңында пайда болатын пәндік оқыту жүйесінің, оқытудың ең басына шығарылуы арасындағы алшақтықты тарихи тұрғыдан дәлелдейді. Міне, осылайша, сыныптық оқу жүйесін К.Д.Ушинский педагогикалық тұрғыдан барынша тиімді шеше білді. Ол балаларды дамыту мақсатында іс-әрекеттің бірден үш түрін: қабылдау, сезімдік әсерлену, ойлау; ал тілде – ауызша, жазбаша, графикалық бейнелеуді жүзеге асырды. Пәндік жүйеде бұл сабақтардың мазмұны органикалық байланыспаған бірнеше пәндерге бөлініп орналасады [4].

Ал қазақ ағартушысы М.Жұмабайев баланы оқытуда оның жүрегіне ең алдымен нақты бейне, сурет орнату керек деп кеңес береді. Ұстаз «Мұндайда бала біреудің айтқан сөзін сөзбе-сөз қайталап, «күйіс қайырып» тұрмайтынын, тиісті сөзін өз жүрегінен суырып сөйлейтінін айтады. Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейгін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек»-дейді [5].

Зерттеу нәтижесі. Білім беруді кіріктіру арқылы оқыту сапасын жетілдіру мен оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруда жүргізілген зерттеу нәтижесінде, стантарттар, бағдарламалар мен оқулықтар мазмұны талданды. Интеграциялау білім беру жүйесінің алғашқы сатысы мектепке дейінгі оқытудан басталып, жоғары білімге дейін жалғасатын үздіксіз процесс. Интеграциялау тұлғаның оқуға, білім алуға, қоршаған ортаны тануға деген танымдық қызығушылығы арқылы жүзеге асады. Мысалы мектепке дейінгі тәрбиеде, стандарт талаптарына сай барлық білім беру салалары кіріктірілген оқу-танымдық әрекет негізін құруға бағытталған.

Білім беру «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Әлеуметтік орта», «Шығармашылық» салаларына кіріктірілген. *Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын арттыруда төмендегі бағыттар қарастырылады.*

1. Мектепке дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру:

- таным процесін дамыту (ойды, зейінді, есте сақтауды, қиялды);
- ортада балалардың еркін, тілдік қарым-қатынасқа түсуін қалыптастыру.

2. Балаларды өзара сабақтасқан іс-әрекетке баулу:

- балаларда «Біз» ұғымын қалыптастыру;
- жұптық, топтық, ұжымдық іс-әрекеттер мен ойын барысында достық, ынтымақтастық қатынасты қалыптастыру.

3. Оқыту-тәрбиелеу үдерісін тұлғаға бағдарлау:

- тұлғалық қатынасты, олардың танымдық қызығушылығы мен даму деңгейіне сай құру;
- балалардың оқу танымдық әрекеттерінің табысты болуын ұйымдастыру[6].

Сондай-ақ педагогикалық үдерісті бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктеріне сай интеграциялық бағытта құру қажет. Бастауыш сынып оқушысының қоршаған дүниені тұтастықта қабылдауы, танымдық әрекетті талдаудың бастапқы деңгейінде болады.

Тұлғаның өмір сүру әрекетінің негізгі шарты: оның санасында дүниенің біртұтас бейнесі және ондағы адамның өз орны болуы, адамның заттармен, құбылыспен, табиғатпен заңды байланысын орнату болып табылады.

Демек, білім берудің бүгінгі күнгі мақсатына сәйкес бастауыш мектепті бітірушісі төмендегі дағдыларды меңгеруі керек:

- қоршаған дүние туралы білімі болуы және оны әртүрлі жағдайларда қолдана алуы;
- өз бетімен және басқалармен ынтымақтастықта жұмыс істей білуі;
- аналитикалық-синтетикалық жүйелі және шығармашылық ойлау қабілетін меңгеруі, коммуникативтік қабілетінің болуы;
- ауызша және жазбаша қатынас мәдениетінің болуы, өз құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай білуі;
- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды түсінуі және қабылдауы;
- табиғатпен, қоғаммен және өз-өзімен дене және адамгершілік, рухани үйлесімділікке ұмтылуы.

Бұл орайда, интеграцияның қозғаушы күшін анықтап алған жөн және оны жүзеге асыру үшін қандай шарттарды міндетті түрде орындау керек? Оқу пәндерін интеграциялаудың құндылықтары қандай?

Оқытудың өмірмен байланысы – дидактиканың негізгі қағидаларының бірі болып табылады және ол педагогтар мен психологтар еңбектерінде арнайы зерттелген. Психологтар оқушылардың алған білімдерін тәжірибеде қолдана білуін, олардың танымдық және психикалық процестерін дамытатындығын (қабылдау, ойлау, қиял) дәлелдеген болатын. Сол сияқты, түрлі зерттеулер көрсетіп отырғанындай, тұлғаның білімді, икемділікті меңгеру дәрежесі және оларды әртүрлі практикалық әрекетте қолдануы, олардың әлеуметтік белсенділігінің де маңызды көрсеткіші болып табылады.

Білім беруді интеграциялау пәнаралық интеграцияда жүзеге асырылады. Пәнаралық интеграция оқытылатын жеке академиялық пәндер бойынша түсініктер мен ұғымдарды біріктіру арқылы жүзеге асады. Мысалы белгілі бір пән бойынша оқытылатын білім деректерін жүйелеу, жинақтау, топтастыру. Пәндерді үлкен блоктар бойынша ұқсас тақырыптардағы білім материалдарын жинақтауға бағытталған. Бір жүйелі пәндердің білім мазмұнын қағидалары мен тұжырымдарын талдау, топтастыру.

Пәндеді интеграциялап оқытудың нәтижесі:

- оқушылар эмоционалдық тұрғыда дамып, пәнге қызығушылығы артады.
- оқушылардың білім деңгейі артып, оқу үлгерімі жетіледі.
- интеллектуалдық даму деңгейі көтеріледі.
- оқытылатын пәндер арасында сабақтастық құрылады.
- оқушылардың оқу-танымдық белсенділігі артады.
- оқушылардың өздігінше жұмыс істеу қабілеті артады.
- оқушылар ұжымда, топта белсенді жұмыс істеуді меңгереді.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушылар (тек олар ғана емес) жеке білімдерін практикада қолдана алмайтындығын, өзін қоршаған дүние туралы ұғымдарды, олардың жүйесін талдай, қорытынды жасай білмейтіндігін, білімді жаңа жағдайға көшіре алмайтындығын көрсетті. Бұл бастауыш сынып оқушыларында өзіндік және жүйелік ойлаудың қалыптаспағандығын дәлелдейді.

Оқушылардың жүйелік ойлауы, танымдық әрекеттің шығармашылық тәсілдері, оқушыда құндылық бағдардың қалыптасуына, білімнің жеке элементтері арасында байланыс орнығуына жағдай туғызады.

Білім берудегі дифференциацияны жоққа шығармайтын, оны толықтыратын интеграциялық жүйені ендіру, дәстүрлі білім беруге қарағанда оқушыларда дүниенің тұтас бейнесін, өзінде бар білімді жүйелеу қабілетін меңгерген және әртүрлі проблеманы шешуге дәстүрден тыс келе алатын оқушыны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін интеграцияның мүмкін болатын шарттарын анықтағаннан кейін, келесі факторларға көңіл бөлген жөн. Кіші мектеп жасындағы оқушыларға берілетін білімді интеграциялаудың білімдік, дамытушылық, тәрбиелік маңызы зор. Яғни оқушыларға берілетін білім көлемі мен мазмұны дайын күйінде емес, пән аралық сабақтастық пен байланыста беріліп, олардың ақпаратты қабылдауына ерекше сапалық мүмкіндік туындайды.

Америкалық ғалымдар: Р.Карплас, Д.Сиск, С.Кейплен, Р.Хенви және т.б. сол сияқты, ресейлік ғалымдар: В.В.Давыдов, Л.В. Занков, Л.В.Тарасов және т.б. адам зиялылығының 80% сегіз жасқа таман қалыптасатындығын және оның 50% төрт жаста қалыптасатындығын дәлелдейді. Олай болса, егер балаларды қорытып ойлау әдістеріне үйретсе, олар дүниені тұтастықта көруге, интеграциялық құрылымда нәтижелі білім алуға қабілетті деген екен [7].

Оқыту үдерісі тұлғаның танымдық әрекеті нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық әрекет негізінде балалардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі балалардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі. Танымдық белсенділік адамның жас кезеңдеріне қарай жетіліп, дамып, өзгеріп, өзіне тән мазмұндық сипатпен ерекшеленеді. Демек, тұлғаның танымдық белсенділігін қалыптастыру- білім беруді интеграциялау арқылы жүзеге асуы қажет.

Бастауыш сыныпта білім сапасын арттыру мен оқушылардың оқу үлгерімін жетілдіруде пәндерді интеграциялаудың маңызы зор. Бастауыш білім беру жүйесінде пәндерді интеграциялау дегеніміз - оқу пәндері бойынша білім сапасын арттыруда оқушылардың құзіреттілігін төменгі деңгейден жоғары танымдық, нәтижелі сатыға жетілдіру.

Бастауыш білім беруде оқу пәндерін интеграциялаудың негізі, оқушыларға «адам-қоғам-табиғат» дүниенің үш құрамдас бірлігі туралы біртұтас ұғымды қалыптастыру. Пәндерді интеграциялау оқу

пәндерін өзара қайталау немесе пәндер ұқсастығын біріктіру, кіріктіру емес, білім мазмұнын сабақтастықта үйлестіру [8].

Нәтиженің талқылануы. Білім беруді интеграциялау мәселесін зерттеу барысында теориялық тұжырымдар мен тәжірибе нәтижелерінің төменде көрсетілген бағытта жүзеге асатындығын анықтадық. Бастауыш сынып пәндерін интеграциялауда оқушыларының білім сапасын арттырудың жолдары:

-оқытуда оқушылардың жеке дара ерекшелік деңгейін ескеру (пәнге қызығушылығын, оқу мотивін, қабілетін, бейімделуін, жалпы психологиялық ерекшеліктерін);

-оқу үдерісінде оқушылардың оқу құралдармен қамтамасыз етілуі (оқушылар мен мұғалімдер сапалы оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарының болуы);

-пәнді оқытуда жаңалықтар мен жаңа мағлұматтардың болуы (пәннің көлемі мен мазмұны, жаңа технологиямен оықту әдістері).

Оқушыларға білім беру үдерісін ұйымдастырудға дайындық:

- оқушылардың білімін әділ бағалау;

- оқыту үдерісінде оқушылардың білім алмасу қарым-қатынасын ұйымдастыру;

- мұғалімнің кәсіби инновациялық шеберлігі;

- оқушылардың оқу-танымдық әрекетіне жағдай жасау;

- оқушылардың «дүние-табиғат-қоршаған орта-адам» туралы алғашқы дүниетанымдық ұғымдарын қалыптастыру.

- оқушылардың білім алуына сыртқы ықпалдардың жағымды ахуалын қалыптастыру (отбасы мүшелері, достары, сыныптастар т.б.).

Қорытынды. Бүгінгі таңда білім беруді интеграциялау көкейкесті мәселе ретінде, оқытуды педагогикалық-дидактикалық, психологиялық-мотивациялық тұрғыдан жетілдіретініне көз жеткіздік. Білім беруді интеграциялауда педагог үшін пәндерді кіріктіріп оқытудың жаңа мазмұндық жүйесі құрылса, ал оқушыларда сабаққа деген танымдық қызығушылық пен белсенділік мотиві қалыптасады. Бірнеше пәндердің біріккен жүйесі білім мазмұнын кеңейтіп, сапалы оқытуды ұйымдастыруға, оқушылардың интеллектуалды дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсенбаева А.А. Гуманизация образования старшеклассников на основе межпредметных связей.- Алматы, 2006.-225 с.

2. Меңдигалиева Г.К. Педагогические основы интеграции науки и практики в школах нового типа. -Алматы, 2000.-115 с.

3. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. - Москва, 2019, 160 с.

4. Ушинский К.Д. Собрание сочинений. Т.2, Москва, АПН, 1984, 516 с.

5. Жұмбаев М. Педагогика. -Алматы, Ана тілі, 1992, 106 б.

6. Керимбаева Р.Қ.Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру. //XXI жасырдағы Евразия кеңістігіндегі білім мен ғылымның сабақтастығы, даму перспективалары. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. -Тараз, 2018. -Б. 158-160.

7. Давыдов В.В. Построение модели шестилетней начальной школы. –Москва, 1995, 268 с.

8. Бектурганова Р.С. За и против обновленного содержания. [Электрон. ресурс] URL: <https://uchitelskaya.kz/mneniya/za-i-protiv-obnovlyonnogo-soderzhaniya-obrazovaniya>.